

Валюта қаражатын аудару туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 жылғы 13 мамырдағы N 180-ө

1. "Биркмайер" /Германия/ фирмасынан кетгут өндіру жөніндегі жабдықтар жиынтығын сатып алу үшін "Сарыарқа" акционерлік қоғамына /Семей қаласы/ Республикалық валюта қорынан 3681300 АҚШ доллары бөлінсін.

2. Қаржымині Ұлтбанкімен бірлесіп, "Сарыарқа" АҚ берген деректемелер бойынша аталған валюта қаражатын аударуды қамтамасыз етсін.

3. "Сарыарқа" АҚ-ы кетгутті ішкі нарықта өткізуден алған пайданы міндетті төлемдерін жасағаннан кейін 1995 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде валюталық несиенің орнын толық жапқанға дейін еркін айналыстағы валютаға айналдыра отырып, республикалық бюджеттің кірісіне толық жіберетін болып белгіленсін.

Премьер-министр